

«ESIL UNIVERSITY» MEKEMECI



ESIL
UNIVERSITY

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ» КАФЕДРАСЫ



6B11101 «Туризм» - білім беру бағдарламасы
дайындық бағытының - 6B111 «Қызмет көрсету саласы» бойынша
ПАСПОРТЫ

Астана 2026

Білім бағдарламасының атауы	6B11101 Туризм
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B11 Қызметтер
Даярлық бағыт коды мен жіктелуі	6B111 Қызмет көрсетулер
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Туризм саласында кәсіби қызметті нәтижелі орындауға және туристік бизнесті жоспарлау, ұйымдастыру және басқарудың тәжірбиелік дағдыларына ие болуға қабілетті жоғары білікті, бәсекеге қабылетті мамандарды дайындау.
ҰБШ, СБШ, ХСБЖ сәйкес деңгейі Ұлттық жіктеу шегі, Салалық жіктеу шегі, Халықаралық стандартты білім беру жіктеуі бойынша дәреже бойынша дәреже	ҰБШ- 6 СБШ - 6 ХСБЖ -6
Кәсіби қызмет саласы	Туризм индустриясы, қонақ үй-мейрамхана бизнесі және мәдени-демалыс және рекреациялық қызметті ұйымдастыру саласы.
Білім бері бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі құзыреттілік тәсіл мен көптілдікке негізделген білім беруді жүзеге асыру және туризм индустриясында кәсіби қызметтің таңдаулы саласында көшбасшы бола алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын жоғары білімді бәсекеге қабілетті құзіретті кәсіби мамандар дайындау болып табылады. Бағдарлама білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескереді. Оқу үрдісінде әрбір білім алушыны белсенді танымдық үрдіске тартуға, туындайтын мәселелерді анықтау мен туризм және қонақжайлылық индустриясындағы міндеттерді шеше білу үшін өзінің зияткерлік күштерін үнемі сынауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалады.
Кәсіби қызмет объектісі	Түлектердің жұмыс орындары
туризм бакалаврының кәсіби қызметі Қазақстанда туризм индустриясының қалыптасуы жағдайында туристік кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару процесін жетілдіруге, ағымдағы және перспективалық жоспарлау жүйесін оңтайландыру мақсатында еліміздің туристік мүмкіндіктерін және шетелдік туристік қызметтер нарығын зерделеуге, туристік қызмет көрсетудің заманауи әдістері мен ақпараттық технологияларды енгізуге, туристік өнімнің сапасын арттыруға, туристік қызмет көрсету кәсіпорындары үшін орта буын кадрларын даярлауға бағытталған.	- түрлі меншік нысанды туристік кәсіпорындар; республикалық және халықаралық туроператорлық және турагенттік компаниялар; орналасу саласының кәсіпорындары (қонақ үйлер, отельдер); қоғамдық тамақтану кәсіпорындары; - мұражайлар; - санаторлық-курорттық мекемелер; республикалық және халықаралық көрме орталықтары; туризм және қонақжайлылық бойынша орта кәсіби оқу орталықтары; белсенді туризмнің балалар мен жасөспірімдер және жастар орталықтары.

Құзыреттіліктер/оқу нәтижелері		
Кәсіби	Жалпыкәсіби	Жалпы білім беру
Туризм және қонақжайлылық саласындағы кәсіпорындардың қызметін талдау әдістерін қолдану дағдыларын көрсету; Туризм және қонақжайлылық саласындағы процестердің тиімділігіне мониторинг жүргізуге және бағалауға қабілетті; Туристік карталармен, каталогтармен және туристік маршруттармен жұмыс істеу; туристік фирманың, мейрамхананың, қонақүйдің бизнес-жоспарларын жасауға қабілетті; Жаһандық брондау, брондау жүйелерімен жұмыс істеу және туризм мен қонақжайлылықтың цифрлық және электрондық құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қолдану. ON 7	Маркетингтік зерттеулерді жүргізе отырып, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдана отырып, инновациялық туристік өнімдер мен туристік маршруттарды әзірлеуге және іске асыруға қабілетті; туристердің әртүрлі санаттары үшін аралас тәсілді ескере отырып, қызмет көрсету үрдісін ұйымдастыру, сондай-ақ тұрақты дамуға негізделген туризмнің инновациялық тұжырымдамаларына сәйкес туристік индустрия кәсіпорнының, туристік өнім қызметінің шығындарын есептей және талдай алуы. ON 5	Гуманитарлық және жаратылыстану пәндері (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) саласындағы базалық білімді көрсету; туристік қызмет контекстінде ауызша және жазбаша нысанда ойларды, сезімдерді, фактілер мен пікірлерді түсіндіру және білдіру; ағылшын тілінде коммуникация дағдыларын қолдану; кәсіби қызметтегі инклюзивті құндылықтар мен орнықты даму қағидаттарын ескеру; кәсіби қызметтегі тұрақты дамудың рөлі мен туризм саласында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін пайдалану мүмкіндіктері. ON 1
Туризмнің инфрақұрылымы мен көліктік-коммуникациялық базасын ескере отырып, туризм саласындағы басым бағыттарды (курорттық, спорттық-сауықтыру, экологиялық, ивент және т. б.) әзірлеу және ілгерілету мақсатында дестинациялардың туристік әлеуетін жаңа туристік маршруттар мен турларды құру үшін негіз ретінде бағалау; туризм саласының ұйымдастырылған туризм шеңберінде түрлі ұсыныстарды қалыптастыру қажеттілігін туристік аттрактивтілік объектілерінің әртүрлі түрлерін талдау және жүйелеу. ON 8	Туризмде сапа, стандарттау және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдана отырып және туристердің әртүрлі санаттары үшін аралас тәсілді ескере отырып, коммуникативтік дағдыларды меңгере отырып, жаңа туристік және экскурсиялық маршруттарды әзірлеу мен ілгерілетуде оларды ұтымды пайдалану үшін турларды, экскурсияларды және анимациялық бағдарламаларды әзірлеу, талдау және жүйелеу. ON 6	Компьютерлік және цифрлық бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын көрсету, қажет болған жағдайда жасанды интеллектті пайдалана отырып, арнайы мақсаттағы жаңа бағдарламаларды меңгеру; жанжалды шешудің сындарлы тәсілдерін табуға дайын болуға қабілетті; көшбасшылық қабілеттерін көрсету және қарым-қатынас процесін басқару қабілеті; әртүрлі топтармен (жасына, мәртебесіне, қызмет түріне және т.б. адамдар) өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру. ON 2
		Әлеуметтік-этикалық құндылықтардың білімі мен дағдыларын, іскерлік этика нормаларын, мінез-құлық пен шешім қабылдаудың құқықтық нормаларын, коммуникативтік қабілеттерді

		қолдану; әлеуметтік болмыс қағидаларын терең білу негізінде әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелерді шешу дағдыларын көрсету; мінез-құлық мәдениеті мен қызметтік этиканың жоғары деңгейін меңгеру; инклюзия қағидастарын, халықтың осал топтарының тең қолжетімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, құндылық қатынасы мәселелері бойынша өз ұстанымын негіздеу және білдіру. ON 3
		Экономикалық білімнің негіздеріне ие болу, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.б. туралы ғылыми түсініктерге ие болу; ресурстарға деген қажеттілікті бағалау және оларды кәсіби қызметтегі міндеттерді шешуде пайдалануды жоспарлау; бастамашылық таныту және проблемалардың ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін табу. ON 4
Оқу түрі		Күндізгі
Оқу мерзімі		Мамандарды даярлау жалпы орта, техникалық кәсіптік білім және жоғары білім базасында күндізгі және ҚБТ қолдану бойынша жүргізіледі. Оқытудың үлгілік мерзімдері: 4 жыл – ОО базасында күндізгі оқу, 3 жыл – ТЖКБ базасында күндізгі және ҚОТ, 2 жыл – ЖБ базасында күндізгі және ҚОТ.
Оқу тілі		Қазақ, орыс, ағылшын
Кредиттер көлемі		240
Тағайындалатын академиялық дәреже		Оқу аяқтағаннан кейін 6В11101 «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласындағы бакалавр
Дайындыққа жауапты құрылымдық бөлімше		«Әлеуметтік жұмыс және туризм» кафедрасы
Кәсіби стандарт		1. Өңірде / облыста туристік индустрияның дамуын басқару (06.12.2022); 2. Туристік өнімді ілгерілету (06.12.2022); 3. Туризм менеджерінің қызметтерін ұсыну (15.11.2022). Жаңа кәсіптер атласы:

	Big-Data аналитикасы (туризм саласында) (https://www.enbek.kz/atlas/profession/301); Болжалды талдау бойынша маман (туризм саласында) (https://www.enbek.kz/atlas/profession/302); Инновациялық жабдыққа қызмет көрсету операторы (https://www.enbek.kz/atlas/profession/307); Туристік өнімдерді жылжыту жөніндегі Интернет-менеджер (https://www.enbek.kz/atlas/profession/317).
Берілген білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін қажетті білім деңгейі	Жалпы орта, техникалық кәсіби білім және жоғарғы білім неізінде
Білім беру бағдарламасының аккредитациясы/ББ лицензиясына қосымша	НААР, KZ402LAM0001225 07.03.2025ж.
Білім бағдарламасының Ғылыми Кеңесте бекетілген күні	«28» 04. 2026 ж.

2. ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК КАРТАСЫ

Құзіретілікті қалыптастыру	Коды	Құзіреттілік мазмұны	Құзіреттілік қалыптастыратын білім беру бағдарламасының элементтері
1 Жалпы білім, кең көзқарастың болуы, эмоционалды интеллект	ON1	Гуманитарлық және жаратылыстану пәндері (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) саласындағы базалық білімді көрсету; туристік қызмет контекстінде ауызша және жазбаша нысанда ойларды, сезімдерді, фактілер мен пікірлерді түсіндіру және білдіру; ағылшын тілінде коммуникация дағдыларын қолдану; кәсіби қызметтегі инклюзивті құндылықтар мен орнықты даму қағидаттарын ескеру; кәсіби қызметтегі тұрақты дамудың рөлі мен туризм саласында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін пайдалану мүмкіндіктері.	Қазақстан тарихы, Шетел тілі, Қазақ (Орыс) тілі, Психология, Саясатану, Мәдениеттану, Әлеуметтану, Экология, тіршілік қауіпсіздігі және тұрақты даму / Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері / Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экономикалық теория, Дене шынықтыру, Философия, Академиялық хат 1, Жасанды интеллект негіздері, Бизнес ағылшын тілі, Академиялық ағылшын тіл, Community Service Learning, Жанжалдарды басқару / Туризмдегі іскерлік қарым-қатынастар этикасы
	ON2	Компьютерлік және цифрлық бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын көрсету, қажет болған жағдайда жасанды интеллектті пайдалана отырып, арнайы мақсаттағы жаңа бағдарламаларды меңгеру; жанжалды шешудің сындарлы тәсілдерін табуға дайын болуға қабілетті; көшбасшылық қабілеттерін көрсету және қарым-қатынас процесін басқару қабілеті; әртүрлі топтармен (жасына, мәртебесіне, қызмет түріне және т.б. адамдар) өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру.	Қазақстан тарихы, Ақпараттық-байланыс технологиялар, Дене шынықтыру, Community Service Learning, Жанжалдарды басқару / Туризмдегі іскерлік қарым-қатынастар этикасы, Жасанды интеллект негіздері
	ON3	Әлеуметтік-этикалық құндылықтардың білімі мен дағдыларын, іскерлік этика нормаларын, мінез-құлық пен шешім қабылдаудың құқықтық нормаларын, коммуникативтік қабілеттерді қолдану; әлеуметтік болмыс қағидаларын терең білу негізінде әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелерді шешу дағдыларын көрсету; мінез-құлық мәдениеті мен қызметтік этиканың жоғары деңгейін меңгеру; инклюзия қағидаттарын, халықтың осал топтарының тең қолжетімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, құндылық қатынасы мәселелері бойынша өз ұстанымын негіздеу және білдіру.	Қазақ (Орыс) тілі, Шетел тілі, Психология, Саясатану, Мәдениеттану, Әлеуметтану, Философия, Академиялық хат 1, Бизнес ағылшын тілі, Академиялық ағылшын тілі, Community Service Learning
	ON4	Экономикалық білімнің негіздеріне ие болу, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.б. туралы ғылыми түсініктерге ие болу; ресурстарға деген қажеттілікті бағалау және оларды	Экономикалық теория, Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық, Ақпараттық-байланыс технологиялары, Менеджмент, Туристік бизнес және көрме қызметін ұйымдастыру / Қонақ үй

		кәсіби қызметтегі міндеттерді шешуде пайдалануды жоспарлау; бастамашылық таныту және проблемалардың ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін табу.	бизнесін ұйымдастыру, Оқу практикасы, Экономика және туризмді ұйымдастыру / Экономика және туризмді есепке алу
2.Жалпы кәсіби құзыреттер	ON5	Маркетингтік зерттеулерді жүргізе отырып, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдана отырып, инновациялық туристік өнімдер мен туристік маршруттарды әзірлеуге және іске асыруға қабілетті; туристердің әртүрлі санаттары үшін аралас тәсілді ескере отырып, қызмет көрсету үрдісін ұйымдастыру, сондай-ақ тұрақты дамуға негізделген туризмнің инновациялық тұжырымдамаларына сәйкес туристік индустрия кәсіпорнының, туристік өнім қызметінің шығындарын есептей және талдай алуы.	Экология, тіршілік қауіпсіздігі және тұрақты даму / Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Туризмология негіздері, Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы және тактикасы, Оқу практикасы, Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық, Менеджмент, Туристік өлкетану, Саяхаттану, Digital promotion in tourism/Туризм маркетингі, Спорттық туризм/ Туризмдегі инструкторлық қызмет, Курорт ісі және медициналық туризм / Курортология, Қазақстан туризмі /Ішкі туризмді ұйымдастыру, Өлемнің туристік-рекреациялық ресурстары / Рекреациялық география, Туроперейтинг /Жиынтық турларды құрастыру технологиясы, StartUp әзірлеу, Брондау және резервтеудің жаһандық жүйелері / Туризм және қонақжайлылықтағы электронды және сандық брондау және резервтеу жүйелері, Туризмдегі бизнес-жоспарлау /Туристік аумақтану, MICE & Event –Tourism / Туристік елтану, Туризмдегі тұрақты даму және туркластер / Туризмдегі мемлекеттік реттеу
	ON6	Туризмде сапа, стандарттау және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдана отырып және туристердің әртүрлі санаттары үшін аралас тәсілді ескере отырып, коммуникативтік дағдыларды меңгере отырып, жаңа туристік және экскурсиялық маршруттарды әзірлеу мен ілгерілетуде оларды ұтымды пайдалану үшін турларды, экскурсияларды және анимациялық бағдарламаларды әзірлеу, талдау және жүйелеу.	Туризмология негіздері, Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы және тактикасы, Туристік өлкетану, Саяхаттану, Туристік бизнес және көрме қызметін ұйымдастыру / Қонақ үй бизнесін ұйымдастыру, Халықаралық туризм географиясы, Туристік дестинацияларды басқару, Өндірістік практика, Гастрономиялық туризм / Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру, Қазақстан туризмі /Ішкі туризмді ұйымдастыру, StartUp әзірлеу, Туризмдегі ойын-сауық индустриясы және анимация/Туризмдегі анимациялық қызмет, Туризм инфрақұрылымы / Туристік индустрия құрылымы және ұйымдастыру, Туризмдегі бизнес-жоспарлау /Туристік аумақтану, Жанжалдарды басқару / Туризмдегі іскерлік қарым-қатынастар этикасы, MICE & Event –Tourism / Туристік елтану, Өндірістік / дипломалды практика, Research Paper /Comprehensive exam preparation
	ON7	Туризм және қонақжайлылық саласындағы кәсіпорындардың қызметін талдау әдістерін қолдану дағдыларын көрсету; Туризм және қонақжайлылық саласындағы процестердің тиімділігіне мониторинг жүргізуге және бағалауға қабілетті;	Туризмология негіздері, Қонақ үй шаруашылығы, Менеджмент, Туристік бизнесті және көрме қызметін ұйымдастыру / Қонақ үй бизнесін ұйымдастыру, Өндірістік практика, Спорттық туризм/ Туризмдегі инструкторлық қызмет, Гастрономиялық туризм /

		Туристік карталармен, каталогтармен және туристік маршруттармен жұмыс істеу; туристік фирманың, мейрамхананың, қонақүйдің бизнес-жоспарларын жасауға қабілетті; Жаһандық брондау, брондау жүйелерімен жұмыс істеу және туризм мен қонақжайлылықтың цифрлық және электрондық құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қолдану.	Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру, Экономика және туризмді ұйымдастыру / Экономика және туризмді есепке алу, Қазақстан туризмі /Ішкі туризмді ұйымдастыру, Әлемнің туристік-рекреациялық ресурстары / Рекреациялық география, Туроперейтинг/ Жиынтық турларды жасау технологиясы, Брондау және резервтеудің жаһандық жүйелері / Туризм және қонақжайлылықтағы электронды және сандық брондау және резервтеу жүйелері, Туризмдегі бизнес-жоспарлау /Туристік аумақтану, MICE & Event –Tourism / Туристік елтану, Туризмнің тұрақты дамуы және туркластер / Туримздегі мемлекеттік реттеу, Өндірістік / дипломалды практика, Research Paper /Comprehensive exam preparation
	ON8	Туризмнің инфрақұрылымы мен көліктік-коммуникациялық базасын ескере отырып, туризм саласындағы басым бағыттарды (курорттық, спорттық-сауықтыру, экологиялық, ивент және т. б.) әзірлеу және ілгерілету мақсатында дестинациялардың туристік әлеуетін жаңа туристік маршруттар мен турларды құру үшін негіз ретінде бағалау; туризм саласының ұйымдастырылған туризм шеңберінде түрлі ұсыныстарды қалыптастыру қажеттілігін туристік аттрактивтілік объектілерінің әртүрлі түрлерін талдау және жүйелеу.	Саяхаттану, Туристік бизнесті және көрме қызметін ұйымдастыру / Қонақ үй бизнесін ұйымдастыру, Халықаралық туризм географиясы, Туристік дестинацияларды басқару, Digital promotion in tourism/Туризм маркетингі, Экономика және туризмді ұйымдастыру / Экономика және туризмді есепке алу, Курорт ісі және медициналық туризм / Курортология, Қазақстан туризмі /Ішкі туризмді ұйымдастыру, Туризм инфрақұрылымы / Туристік индустрия құрылымы және ұйымдастыру, Туроперейтинг / Жиынтық турларды жасау технологиясы, Туризмдегі ойын-сауық индустриясы және анимация/Туризмдегі анимациялық қызмет, Брондау және резервтеудің жаһандық жүйелері / Туризм және қонақжайлылықтағы электронды және сандық брондау және резервтеу жүйелері, Жанжалдарды басқару / Туризмдегі іскерлік қарым-қатынастар этикасы, Туристік аумақтану, Туристік елтану, Туризмнің тұрақты дамуы және туркластер / Туризмдегі мемлекеттік реттеу, Өндірістік / дипломалды практика, Research Paper /Comprehensive exam preparation

3. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАТРИЦАСЫ

6B11101 «Туризм» - білім беру бағдарламасы

6B111 «Қызмет көрсету саласы» бойынша

№	Пәннің атауы (D)	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8
Жалпы білім беретін пәндер циклі											
Міндетті компоненттер											
1	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Пәннің негізгі міндеттері: 1) білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктерімен таныстыру; 2) Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын айқындау; 3) дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау; 4) Ұлы дала аумағындағы мемлекеттілік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау; 5) Қазіргі Қазақстан тарихының оқиғалары туралы білімдерді жүйелеу.	5	*	*						
2	Философия	Бағдарламаның мақсаты студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Бағдарламаның міндеттері: 1) Білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін	5	*		*					

		шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі; 2) студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру; 3) ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру.								
3	Шетел тілі	Бағдарламаның негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (A2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалық жеткілікті (B1, жалпы еуропалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін B1 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде B2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады. Бағдарламаның міндеттері: 1) білім алушыларға шетел тілінің лексикасын мен тілдік ерекшеліктерін игерту және олардың коммуникативтік-функционалды құзыреттіліктерін қалыптастыру; 2)мәдениаралық коммуникация субъектісі болып табылатын жеке тұлғаның мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсететін, мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру. 3) шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және тілі оқытылатын елдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін түсіну.	10	*		*				
4	Қазақ (Орыс) тілі	Бағдарламаның негізгі мақсаты - тілдік жүйені меңгеру және оны мәдениетаралық және коммуникативтік іс-әрекетте қолдану жолдары; сөйлеу және коммуникация жүйесін коммуникативтік іс-қимылдарды жүзеге асыру қабілеттілігі мен қабілеті	10	*		*				

		ретінде игеру; кәсіби біліктілікті қалыптастыру үшін ақпарат алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарынан, ресми дереккөздерден және ғылыми әдебиеттерден ақпаратты пайдалана білу.									
5	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру болып саналады. Бағдарламаның міндеттері: 1)білім алушылардың компьютерлік жүйелер, операциялық жүйелер және желілер құрылымының тұжырымдамалық негіздерін меңгеруі; 2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары жайлы, желілік және веб қосымшаны құру тұжырымдамасы жайлы білімін қалыптастыру; 3) өзін-өзі дамыту және басқа мақсаттар үшін кәсіби қызметінің әртүрлі аймағында, ғылыми және практикалық жұмыстарында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын қалыптастыру.	5		*		*				
6	Саясаттану	Курс саясатты оқуды басшылыққа алатын іргелі теориялар, зерттеу әдістері және мазмұнды мәселелер туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Курс аясында студенттер саясат, салыстырмалы саясат, халықаралық қатынастар және саяси теория сияқты саясаттанудың негізгі бағыттары бойынша базалық білім алады. Жаһандану, ырықтандыру, азаматтық құқықтар, адам құқықтары, саяси даму, мемлекеттік саясат және сыртқы саясат сияқты салаларда білім беру арқылы берік іргетас құруға бағытталған саясаттану курсы адам болмысын тәрбиелеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған.	2		*		*				

7	Әлеуметтану	Әлеуметтану курсы қоғамның әлеуметтік құрылымы, оның құрамдас бөліктері саласындағы қажетті дағдыларды қалыптастырады, сондай-ақ әлеуметтанудың негізгі категориялары мен түсініктерін, оның өзекті мәселелерін, әлеуметтанушы ғалымдардың проблемалық жағдайларды талдаудағы әртүрлі тәсілдерін, әдістемесін енгізеді. социологиялық зерттеулер жүргізу, әлеуметтанудың әдістері, міндеттері, объектілері мен пәні, социологиялық ойлау, социологиялық мәдениет және социологиялық қиял туралы идеяны дамыту үшін.	2	*		*					
8	Мәдениеттану	Курс студенттерде мәдениет феноменінің мәні, оның құрылымы, типологиясы және динамикасы, әлемдік және отандық мәдениеттің дамуының негізгі үрдістері туралы жүйелі ақпарат қалыптастыруға; шығармашылық және ғылыми қызметке қызығушылықты, тұрақты оқу үрдісіне қажеттілікті қалыптастыруға, әрдайым өзін-өзі тәрбиелеуге; азаматтық қоғамды құру үшін қажетті әлеуметтік, этикалық және эстетикалық бағыттарды қалыптастыруға арналған.	2	*		*					
9	Психология	Пән "болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. Бұл пәнді оқу барысында қоғам мен оның ішкі жүйелерін зерттеудің негізгі психологиялық тұжырымдамалары, теориялары мен тәсілдері игеріледі; қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін, әлеуметтік процестер мен қатынастардың мәнін сипаттау және психологиялық талдау дағдыларын дамыту; кәсіби қызметте психологияны игеру процесінде алынған білімді пайдалану	2	*		*					

		дағдыларын қалыптастыру.									
10	Дене шынықтыру	«Дене шынықтыру» пәні білім беру жүйелерін меңгеруге, тәжірибелік дағдылар мен қабілеттерге үйрету, физикалық қабілеттерін дамыту және денсаулықты нығайту, дене шынықтыру, қауіпсіздік ережелері, дене шынықтыруды басқару және ашық іс-шараларды өз бетінше ұйымдастыратын білім деңгейін арттыру үшін арналған.	8	*	*						
Жалпы білім беретін пәндер циклы ЖОО компененті/ Таңдау компоненті											
1	Экология, тіршілік қауіпсіздігі және тұрақты даму	Экология және тіршілік қауіпсіздігі тұрақты дамудың негізгі компоненттері ретінде қарастырылады. Пәнді зерттеу, қоршаған ортаның жағдайы, адамның іс-әрекеті мен өмір сапасы арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Экологиялық тұрақтылыққа, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелеріне, төтенше жағдайлардың салдарын болдырмау және жою мәселелеріне ерекше назар аударылады. Оқу барысында студенттер қазіргі заманғы табиғатты қорғау технологиялары, тұрақты дамудың халықаралық және ұлттық тетіктері туралы білім алады, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау саласындағы тәжірибелік дағдыларды алады. Экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті дамыту білім беру үрдісінің маңызды бөлігі болып табылады. Тұрақты даму қоғамның қазіргі даму стратегиясын көрсетеді, онда қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы, болашақ ұрпаққа зиян келтірмей- ақ жүзеге асады. Курс білім алушыларда экологиялық, әлеуметтік және экономикалық негізделген шешімдерді қабылдау үшін тұрақты дамуды фундамент ретінде жүйелі түрде түсіну үшін бағытталған	5	*				*			

	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Курста құқықтың пайда болу, даму және қызмет ету заңдылықтарын, негізгі құқықтық ұғымдарды анықтауды, сонымен қатар қазақстандық құқықтың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және т.б.) ролі туралы, басқа да нормалармен құқықтық мәселелерді шешуде бағдарлау үшін қажетті білімді ұсынады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары және мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияларды іске асыру туралы кешенді көзқарасты қалыптастырады.		*						*	
Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті/ Таңдау компоненті											
2	Экономикалық теория	Пән үй шаруашылығының заңдылықтары мен аралас әлеуметтік-бағдарлы экономиканың әртүрлі деңгейлеріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұтымды мінез-құлқы туралы, оның маңызды сипаттамаларын ашу мақсатында ұдайы өндіріс процесіндегі терең себеп-салдарлық байланыстар туралы білім береді; ресурстары шектеулі әлемде шаруашылық субъектілерінің (өндірушілер, сатушылар, сатып алушылар) экономикалық таңдауы туралы; шаруашылық қызметі және ұдайы өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы экономикалық қатынастар туралы	3	*			*				
3	Туризмология негіздері	Пән туризмнің эволюциясының тарихи аспектілерін зерттеуге бағытталған. Туризмді дамытудың теориялық негіздері. Туризм тұжырымдамасы, функциялары, мақсаты. Туризм индустриясының компоненттері. Объектілер мен туризм субъектілерінің өзара байланыс жүйесі. Туризмнің жіктелуі және түрлері. Туризмнің көлемді экономикалық көрсеткіштері. Қазақстандағы туристік кластерді дамыту бағдарламасын	4					*	*	*	

		қалыптастыру. Туризм индустриясының ерекшеліктері.									
4	Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы және тактикасы	Пән «Туризмнің белсенді түрлерінің тактикасы мен техника негіздері» мен элементтерін зерттеуге бағытталған. Білім алушы оқу процесінде туристік іс-шараларды қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету ережелерін, Туризмнің белсенді түрлерінің жіктелуін, әртүрлі күрделілік санатындағы Туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктерін білуі тиіс. Практикалық сабақтарға бұқаралық туристік іс-шараларға қатысады: слеттер мен жарыстар.	4					*	*		
5	Менеджмент	Пән білім алушыларды басқару саласындағы теориялық біліммен қаруландыру және олардың менеджменттің үздік практикасын қолдану дағдыларын игеру мақсатында оқытылады.	5					*	*		*
6	Қонақ үй шаруашылығы	Қонақ үй шаруашылығының даму тарихы. Қонақ үйлердің классификациясы мен типологиясы. Халықаралық қонақ үйлер тізбесі. Қонақ үй кәсіпорындарының ұйымдық құрылымы. Қонақ үй қызметтері олардың мінездемесі. Қонақ үй шаруашылығында тамақтану процесін ұйымдастыру. Қонақ үй шаруашылығындағы қызмет көрсетудің операциялық процестері. Қонақтарды тіркеу және орналастыру. Қонақ үй шаруашылығында көрсетілетін қосымша қызмет түрлері. Қонақ үй шаруашылығында корпоративтік мәдениет.	4								*
7	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Пәннің мақсаты – кәсіпкерлік, қызметтері және бизнесті жүргізудің негізгі принциптері туралы білім алу; кәсіпкерлік қызметтің саласын және ұйымдық-құқықтық нысанын таңдау мәселелері бойынша практикалық дағдыларды дамыту; құқықтық құжаттарды әзірлеу, бизнес-жоспар әзірлеу мәселелерінде, жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлық, сонымен қатар	6					*	*		

		цифрлық технологияларды қолдану арқылы қаржылық қызметтерді тұтынушылар ретінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты процестерді сыни тұрғыдан бағалау және талдау мүмкіндігі.									
8	Туристік өлкетану	Студенттерді туристік өлкетану саласындағы теориялық және практикалық білім кешенімен таныстыру. Пән мынадай тақырыптарды қамтиды: туристік-экскурсиялық жұмыс бойынша мамандарды даярлау жүйесіндегі өлкетану орны, өлкетану түрлері мен нысандары, өлкетанудағы физика-географиялық зерттеулер, өз өлкесінің өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау міндеттері, өлкетанудағы экономикалық-әлеуметтік-географиялық зерттеулер, тарихи өлкетану негіздері	4					*	*		
9	Туристік бизнес және көрме қызметін ұйымдастыру	Туристік бизнесті және көрме қызметін жоспарлау мен ұйымдастырудың міндеттерін, бағыттары мен аспектілерін жан-жақты түсіну. Қонақ үй қызметтері нарығының макро- және микроэкономикалық көрсеткіштерінің теориялық негіздерін зерттеу; қонақ үй кәсіпорындарының және басқа орналастыру объектілерінің шығындарын қалыптастыру принциптері; қонақ үй мен басқа орналастыру объектілерін басқарудың заманауи жүйесінің теориялық негіздері; ынталандыру түрлері және персоналды ынталандыру әдістері.	5					*	*	*	*
